

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Филология факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№9 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

22.05.2024 ж.

Қатысқандар:

комиссия төрайымы:

1. Қазыханқызы Лазура – PhD, аға оқытушы;

комиссия мүшелері:

2. Д.Мутанова – PhD, аға оқытушы
3. А.Даулетова – ф.ғ.к., аға оқытушы;
4. Ы. Нұрмағанбетова – аға оқытушы;
5. Р.Бердалиева - ф.ғ.к., аға оқытушы;
6. Г.Макенова – оқытушы;
7. Д.Саржанова – докторант;
8. Ф.Маккамбаева – магистрант, 7М01708 – Шетел тілі: екі шетел тілі , МАШ-211 тобы
9. Ж.Жұмабекова – студент, 6В01719 – Шетел тілі: екі шетел тілі: (ағылшын және түрік тілдері), ФАТ-012 (F) тобы
10. С.Пернебай - әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

Шақырылғандар:

11. Б.Бейсембаева – Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бойынша академиялық комитет төрайымы
12. А.Ермекбаева - Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша академиялық комитет төрайымы
13. А.Өзтүрк -Филология факультетінің деканы
14. Ж.Суинжанова -Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары

Комиссия хатшысы:

15. А.Қонысова –оқытушы

Қатыспағандар: -

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуін қадағалау
2. Білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігіне мониторинг жасау;
3. Мамыр айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша факультеттің деканы А.Өзтүрк сөз кезегін ала отырып, ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуін қадағалау керектігін айтып өтті. БББ дайындауда академиялық нормативті құжаттардың сонымен қатар Кәсіптік стандарт, университеттің БББ әзірлеу және жаңарту ережесін т.б. құжаттардың талаптары негізінде тиісті кафедраларда БББ дайындалып, кафедра мүшелері тарапынан қадағаланып отыру қажеттігін айтты.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің төрайымы Л.Қазыханқызы кафедралар бойынша БББ дайындауда факультеттің және университеттің академиялық

комитеті әдістемелік көмек көрсетіп жатқанын және де барлық нормативтік-құқықтық құжаттар кафедра меңгерушілерінде және университеттің сайтында сақталғанын атап өтіп, онда БББ дайындауда академиялық нормативті құжаттардың (ҚР БЖҒМ тиісті бұйрықтары) сонымен қатар Кәсіптік стандарт, университеттің БББ әзірлеу және жаңарту ережесін т.б. құжаттардың талаптары көрсетілгенін мәлімдеді. Яғни, барлық нормативтік құжаттар қолжетімді және өзгеріссіз пайдаланып жатқандығын айтты.

ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігі университет сайтында қамтамасыз етілген.

Шешім: ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуі кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

2. Факультеттің сапамен қамтамасыз ету комиссиясының төрайымы Л.Қазыханқызы күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Филология факультетіне қарасты БББ дайындайтын кафедраларда білім алушыларына академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің дұрыс және жүйелі түрде жүргізілу мәселесін ашты. Білім алушыларға БББ лары, оқу-әдістемелік кешендер қолжетімді болуына көз жеткізу үшін жүргізілген мониторинг нәтижелерін қарастыруды ұсынды.

Сонымен қатар, Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағытына қатысты БББ және НОЖ құжаттарының білім алушыларға түсіндіру шараларының жүргізілгендігі туралы және осыған қатысты білім алушылардан анкеталар алынғандығы туралы айтты. Білім алушылардан екі анкета: Білім алушылар арасында білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін анықтайтын сауалнамасы және БББ мазмұны туралы хабардар болу деңгейін анықтайтын сауалнамалардың нәтижелерімен бөлісті.

Білім алушылар арасында білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін анықтайтын сауалнамаға төменде кестеде көрсетілген төрт курстан білімгерлер қатысты.

Курс	Frequency	Percent
1 курс	138	28,6
2 курс	94	19,5
3 курс	84	17,4
4 курс	66	13,7
Total	482	100,0

Кафедралар	Frequency	Percent
Қазақ филологиясы	38	7,9
Орыс тілі және әдебиеті	123	25,5
Педагогикалық шетел тілдері	221	45,9
Total	482	100,0

Сауалнама сұрақтары төмендегідей болды.

1. Мен өз уақытымды тиімді жоспарлап, ұйымдастыра аламын (көшбасшылық теориясы)
2. Мен өз іс-әрекетімді жоспарлаудың тиімді құралдарын анықтау және таңдау арқылы креативті шешімдер қабылдай аламын
3. Қазақ тілінде тиімді мәдениетаралық қарым-қатынас құра аламын
4. Орыс тілінде тиімді мәдениетаралық қарым-қатынас құра аламын
5. Түрік тілінде тиімді мәдениетаралық қарым-қатынас құра аламын

6. Ағылшын тілінде тиімді мәдениетаралық қарым-қатынас құра аламын
7. Мен өзімнің және оқытылып жатқан тілдердің мәдениетінің тарихи фактілерін, қағидалары мен рухани құндылықтарын білемін (Ясауитану, Қазақстан тарихы, Түркі мемлекеттер тарихы пәндері негізінде)
8. Менде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды өз бетімен ұйымдастыру дағдысы қалыптасқан
9. Менде экономикалық білім мен қаржылық сауаттылығымды көрсететін кәсіпкерлік дағдылар қалыптасқан
10. Қоршаған ортаны басқару аспектілерін қолдана отырып, қоршаған ортаның жай-күйін және адамға қауіпті факторлардың әсер ету дәрежесін бағалай аламын
11. Оқытылатын пәндер аясында алған біліміме талдау, түсіндіру, жалпылау және синтездеу амалдарын жасай аламын
12. Оқу және тәрбие жұмысын жоспарлап, ұйымдастырып, бағалай аламын
13. Инклюзивті білім беру негіздерін білемін
14. Сандық білім беру платформалары мен ресурстарын пайдалана аламын
15. Инновациялық технологиялар мен оқыту әдістерін қолдана аламын
16. Білім беру саласында мониторингтік зерттеулер жүргізе аламын
17. Оқушылардың пәндік және тілдік құзыреттіліктеріне педагогикалық диагностика жасай аламын
18. Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеп, оларды тиімді пайдалана аламын
19. Академиялық жазудың негіздерін білемін және академиялық адалдық принциптерін сақтаймын
20. Өз кәсіби қызметімде рефлексияны қолдана аламын
21. Оқу үрдісінде өзіңде ең жақсы және ең нашар қалыптасқан қандай дағдылар? Неліктен?
22. Оқу үдерісін жақсартуға арналған ұсыныстарыңыз

Сауалнама нәтижесі төмендегідей көрінді.

Кафедра	Сұрақ саны	N	Орталыма	Стандарттық ауытқу	F	P	Posthoc
Қазақ филологиясы	20	38	4,1724	,68691	23,955	,000	1-2 2-3
Орыс тілі және әдебиеті		123	3,4524	,96867			
Педагогикалық шетел тілдері		221	4,1149	,86831			

Келесі анкета, БББ мазмұны туралы хабардар болу деңгейін анықтайтын сауалнама болды. сауалнама сұрақтары келесідей болды:

1. Білім беру бағдарламасының (БББ) атауы
2. Өзіңіздің білім алып жатқан білім беру бағдарламасы жайында хабарыңыз бар ма?
3. БББ мақсаты / Цель ОП
4. Берілетін дәреже
5. Кәсіби қызметтің функциялары мен түрлері
6. Жалпы құзыреттер қанша оқыту нәтижесін қамтиды?
7. Кәсіби құзыреттер қанша оқыту нәтижесін қамтиды?
8. Арнайы құзыреттер қанша оқыту нәтижесін қамтиды?
9. Жалпы білім беретін пәндер циклі неше кредиттен тұрады?
10. Базалық және бейіндеуші пәндер циклі неше кредиттен тұрады?
11. БББ-да практиканың неше түрі бар?
12. «Философия» пәні қай компонентке жататынын анықтаңыз?
13. «Қаржылық сауаттылық» пәні қай компонентке жататынын анықтаңыз?
14. «Түрік тілі» пәні қай компонентке жататынын анықтаңыз?
15. Сіздің БББ-да неше элективті пән бар?

16. БББ-да берілген оқу нәтижелері сізді қанағаттандырады ма, әлде болашақ мұғалім үшін олар жеткіліксіз деп санайсыз ба?
 17. БББ-да көрсетілген пәндер тізімі сізді қанағаттандыра ма?
 18. Көрсетілген оқу нәтижелерінің қайсысы болашақ мұғалім үшін көбірек қажет?

Қатысушылар саны төмендегі кестедегідей болды.

курс	Frequency	Percent
1 курс	81	33,2
2 курс	48	19,7
3 курс	57	23,4
4 курс	58	23,8
Total	244	100,0

Л.Қазыханқызы сауалнамалардың нәтижесі жалпы білім алушылардың көпшілігі білім беру бағдарламаларынан хабардар екендігін және барлық қажетті құжаттар қолжетімді екендігін көрсететінін айтты.

Әлеуметтік қолдауға қатысты кафедра, факультет және университет бойынша әлеуметтік желілерде парақшалардың білім алушылар үшін әрдайым қолжетімді екендігі айтылды. Комиссия мүшелері өзара талқылай келе бір шешімге келді.

Шешім: Білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтері қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы:  Қазыханқызы Л.

Мәжіліс хатшысы:  Қонысова А.